

"ЭПК-forfait" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне әуе электр беру желілеріне қызмет көрсету және пайдалану үшін шектеулі нысаналы жер пайдалану құқығын (қоғамдық сервитут) беру туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшаларына және 69-бабының 4-тармағына сәйкес, Тоғызақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "ЭПК-forfait" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Тоғызақ ауылы аумағында орналасқан жер учаскелерінде әуе электр беру желілерін қызмет көрсету және пайдалану үшін бір жыл мерзімге шектеулі мақсаттағы жер пайдалану құқығын (қоғамдық сервитут) белгілеу.

1) Тоғызақ ауылындағы Степная көшесі, МолодҰжная көшесі, Южный тұйық көшесі, Комсомольский тұйық көшесі, Садовая көшесі, Целинная көшесі, КТП 1009-ден шығатын 0,4 кВ әуе желісі – 0,0092 гектар;

2. "Тоғызақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберу;

2) осы шешімді Тоғызақ ауылдық округі әкімдігінің интернет - ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыру.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

И. Проскурникова